

ТЕКСЕРІЛДІ:



07.11.2025 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай-балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 10.11 – 14.11. 2025 жыл (2-апта)

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

Апта дәйексөзі: «Тура биде туған жоқ!»

Күн тәртiбi	Дүйсенбi 10.11	Сейсенбi 11.11	Сәрсенбi 12.11	Бейсенбi 13.11	Жұма 14.11
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Менің отбасым»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» ҚР Гимн орындау (дүйсенбі күні)				
	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру. Қазақ тілі педагогі тәрбиеленушілерге қазақ тілі кабинетінде өзін қалай ұстау керектігін еске салады: кабинетте жүтіруге, секіруге, шулауға болмайды; басқа балалардың саусақтары қысылып қалмас үшін орындықтарда тербелуге болмайды; басқа балалар шалынып қалмас үшін аяқты алға созуға болмайды.				
	«Күй күмбірі» күй тыңдау Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында күй қою: «Адай» күйі https://lmusic.kz/mp3/asylbek-ensepov-adaj-adaj/16461				
	«Өнегелі 15 минут» «Алаңдағы әткеншек» Бір күні Айсұлу мен Данияр аулада ойнап жүрді. Олар балабақша алдындағы әткеншекте тербелуді жақсы көретін. Бірақ бір күні Данияр әткеншектің бұрандасын босатып ойнап көрмек болды. Айсұлу оны тоқтатып: – Данияр, бұлай істеуге болмайды! Бұл – бәрімізге ортақ әткеншек. Ол сынып қалса, ешкім ойнай алмайды, – деді. Данияр ойланып қалды да бұрандасын орнына бұрап қойды.				

	– Дұрыс айтасың, Айсұлу. Бұл біздің ғана емес, барлық балалардың әткеншегі, – деді ол. Сол күннен бастап олар аулада қоқыс тастамай, ойыншықтарды орнына қоятын болды. Балалар қоғамдық затты қорғау – бәрінің міндеті екенін түсінді.				
Сөздік минимум	<p>Мен анамды жақсы көремін. Мен атамды жақсы көремін. Мен әжемді жақсы көремін. Мен әкемді жақсы көремін.</p> <p>Дос, жақсы. Бұл – менің досым. Оның аты – Айбек. Әсет сурет салады. Ол ақылды, күшті, жақсы дос</p>		<p>Қасық, шанышқы, салат. Ботқаны қасықпен жеймін. Салатты шанышқымен жеймін.</p>		
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<p><u>Ортаңғы топ</u> Тақырыбы: «Мен жақсы көремін» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету: ә, ө, қ, ү, ұ; қарапайым сұрақтарға (қандай?) жауап беруді үйрету.</p> <p>Амандасу Балалар, отбасында кімдер бар? Ата, әже, әке, ана Менің – мой, моя Менің атам, менің әжем. Менің анам, менің әкем. Балалар, біз бүгін отбасы тақырыбын жалғастырамыз. Алдымен жаңа сөздерімізді есте сақтап алайық.</p>		<p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Ыдыстар» Міндеттері: балаларды ыдыс атауларымен таныстыру (қасық, шанышқы); «Мен қасықпен жеймін», «Мен шанышқымен жеймін» сөйлем құрылымын үйрету; баланың сөздік қорын кеңейтіп, тілдік қарым-қатынасқа тарту.</p> <p>Амандасу, шаттық шеңбері - Балабақшада таңғы асқа не жейміз? - Нан мен май, жұмыртқа, ботқа, шай. - Ботқаны қандай ыдысқа салады, оны немен жейміз? - Ботқаны тәрелкеге салады, оны қасықпен жейміз. - Қасық не үшін қажет? - Қасықты қалай ұстау керек? - Қасықпен не жей аламыз?</p>		

	<p>Есте сақта! Жақсы көремін – люблю, кімді? – кого? Ата – атамды. Әже – әжемді. Әке – әкемді. Ана – анамды.</p> <p>Топпен жұмыс. Бұл – менің атам. Мен атамды жақсы көремін. Бұл – менің әжем. Мен әжемді жақсы көремін. Бұл – менің әкем. Мен әкемді жақсы көремін. Бұл – менің анам. Мен анамды жақсы көремін.</p> <p>Сұраққа жауап бер Сен кімді жақсы көресің?</p> <p>Суретпен жұмыс. Үлгі бойынша айт.</p> <p>Саусақ жаттығуы «Отбасы» Бас бармағым — атам, Балан үйрек – әжем, Ортан терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен, Бұлардың барлығы менің отбасым.</p> <p>Қорытынды: Рақмет айту. Мадақтау. Қоштасу.</p> <p>Мектепалды тобы Тақырыбы:</p>		<p>Тыңда, қайтала. - Мынау – қасық. - Мынау – шанышқы.</p> <p>Есте сақта! Немен? Қасықпен Шанышқымен Суретпен жұмыс Мен қасықпен жеймін. Мен шанышқымен жеймін.</p> <p>Кел сөйлесейік! Мынау – ботқа. Мен ботқа жеймін. Мен ботқаны қасықпен жеймін.</p> <p>Мынау – салат. Мен салат жеймін. Мен салатты шанышқымен жеймін.</p> <p>Жұмбақ шешейік Аяғы жоқ, басы бар Іліп алған асы бар. Тиген кезде қолына Аузыңа тез асығар.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Мына қасық кімге?» Балалар қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыланады.</p> <p>Мына қасық атама. Мына қасық әжеме. Мынау қасық әкеме. Мына қасық анама. Мына қасық маған.</p>		
--	--	--	---	--	--

	<p>«Менің досым» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Әңгімелесу Балалар, сендерге жалғыз ойнаған ұнай ма? Дос дегенді қалай түсінесіңдер?</p> <p>Есте сақтайық Дос Жақсы</p> <p>Тыңда, қайтала Бұл – менің досым. Оның аты – Айбек. Ол күшті. Ол бес жаста. Бұл – менің досым. Оның аты – Айдын. Ол ақылды. Ол – жақсы дос.</p> <p>Сұрақтарға жауап бер. Айбек неше жаста? Айбек қандай? Айдын қандай?</p>		<p>Қимылды әрекет «Мен қасықпен жеймін»</p> <p>Қорытынды – Біз бүгін қандай сөздер үйрендік? – Қане, бәріміз айтайық: Мен ботқаны қасықпен жеймін! Балаларды мадақтау, белсенділерге жұлдызша тарату.</p>		
--	---	--	--	--	--

	<p>Үлгі бойынша сөйлес. Ратмир, сенің досыңның аты кім? Бұл – менің досым. Оның аты кім? Оның аты – Ақылбек. Ол неше жаста? Ол бес жаста. Ол қайда барады? Ол балабақшаға барады. Ақылбек қандай? Ақылбек – ақылды, күшті.</p> <p>Қорытынды: Рақмет айту. Мадақтау. Қоштасу.</p>				
<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p>Саусақ жаттығуы «Отбасы» Бас бармағым — атам, Балан үйрек – әжем, Орған терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен, Бұлардың барлығы менің отбасым. Кел сөйлесейік! Мынау – ботқа. Мен ботқа жеймін. Мен ботқаны қасықпен жеймін.</p> <p>Мынау – салат. Мен салат жеймін. Мен салатты шанышқымен</p>		<p>Үлгі бойынша сөйлес. Ратмир, сенің досыңның аты кім? Бұл – менің досым. Оның аты кім? Оның аты – Ақылбек. Ол неше жаста? Ол бес жаста. Ол қайда барады? Ол балабақшаға барады. Ақылбек қандай? Ақылбек – ақылды, күшті.</p>		

	жеймін.				
<p style="text-align: center;">«Алшы» ойыны</p> <p>Сипаттамасы: Бұл ойында асықты иіру арқылы кімнің асығы алшы түсетінін анықтайды. Алшы түскен ойыншы жеңімпаз болып саналады.</p> <p>Құралдар: 4 немесе одан да көп асық.</p> <p>Ойын ережесі: Әр ойыншы кезекпен асық иіреді.</p> <p>Алшы түскен асық жеңімпазды анықтайды.</p> <p>Егер бірнеше ойыншының асығы алшы түссе, олар қайтадан иіреді.</p> <p style="text-align: center;">«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</p>					